

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі		УЕ-02-03-05
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №2	9 беттің 1-сі



УЕ-02-03-05

**ПРОФЕССОР МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ, ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР
(ДОЦЕНТ) МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ЖӘНЕ АҒА ОҚЫТУШЫ ЛАУАЗЫМДАРЫНА
ТАҒАЙЫНДАУ ЕРЕЖЕСІ**

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі		УЕ-02-03 -05
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №2	9 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Ғылыми зерттеу орталығының
басшысы



А. Умирбекова
«02» 09 2025 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер
жөніндегі вице-ректор



Л. Шалабаева
«02» 09 2025 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«02» 09 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің
басшысы



К. Тубеков
«02» 09 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы
(заңгер)



Е. Тасов
«02» 09 2025 ж.

Сапаны қамтамасыз ету
бөлімінің басшысы



А. Сейткулова
«02» 09 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі		УЕ-02-03-05
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №2	9 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5	Жалпы ережелер	5
6	Профессоры міндетін атқарушы	5
7	Қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы	6
8	Аға оқытушы	6
9	Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
10	Келісу, сақтау және тарату	7
11	Өзгерістерді тіркеу парағы	8
12	Танысу парағы	9

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі		УЕ-02-03-05
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №2	9 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университетінде» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) профессор міндетін атқарушы және қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы лауазымдарына тағайындау тәртібін белгілейді.

1.2 Ереже Университеттің нормативтік ережелері мен актілеріне және Профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) біліктілік сипаттамаларына сәйкес әзірленген.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен).

2.2 Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 31 наурыздағы №128 «Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен).

2.3 Университеттің Академиялық саясаты.

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Ғылыми атақ – терең кәсіби білімі бар, ғылым және ғылыми-педагогтік қызметте жетістіктерге қол жеткізген адамдарға берілетін доцент және профессор атақтары.

Профессор – жоғары оқу орны оқытушысының, ғылыми мекеме қызметкерінің ғылыми атағы, қызмет лауазымы.

Доцент – жоғарғы оқу орнындағы оқытушыға ғылыми мамандығы бойынша белгілі талапқа сай берілетін ғылыми атақ.

Ғылыми-техникалық кеңес - ғылыми, ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік және инновациялық саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру бойынша жоғары сараптамалық кеңес болып табылады.

Ғылыми журналдар – ғылыми-зерттеулер мен жаңалықтарды насихаттап, жұртшылыққа таныстырып отыратын салалық не ғылыми-көпшілік мерзімді басылымдар.

Ғылыми мақалалар – автордың зерттеулерінің нәтижелерін көрсететін жұмыс.

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы – спортшыларды жоғары деңгейде дайындаудағы, Олимпиада ойындары, әлем, Азия, Еуропа чемпионаттары мен басқа да беделді жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін тәрбиелеудегі ерекше еңбегі үшін мемлекет тарапынан берілетін құрметті спорттық атақ.

4. ӨКІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1 Осы Ереже Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

4.2 Ереже Университеттің нормативтік ережелері мен актілеріне сәйкес Университет қызметкерлерін лауазымға тағайындау үшін атқарылатын іс-шараларды дұрыс жүргізуге пайдалануға рұқсат етіледі.

4.3 Осы Ереже негізінде Университет қызметкерлерін профессор міндетін атқарушы және қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы, аға оқытушы лауазымдарына тағайындау жұмыстарын ұйымдастыруға Ғылыми зерттеу орталығы жауапты болады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі		УЕ-02-03-05
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №2	9 беттің 5-сі

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

5.1 Қызметкерлерді лауазымға тағайындау үшін қажетті құжаттар:

5.1.1 Мектеп кеңесі, Ғылыми-техникалық кеңес, Ғылыми кеңес мәжілісінің хаттамасынан көшірме;

5.1.2 Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағын растайтын құжаттар көшірмелері;

5.1.3 Жарияланған еңбектер тізімі;

5.1.4 Жарияланған ғылыми мақалаларының электронды нұсқасы;

5.1.5 Жарияланған ғылыми еңбектер (монография, оқу (оқу-әдістемелік) құралы немесе оқулығы, зерттеу жұмысы жинағы және т.б.).

5.2 Университет қызметкерлері лауазымға тағайындалу мақсатында Ғылыми кеңеске қажетті құжаттарды (профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушысы лауазымдары бойынша) тапсыру үдерісі әр айдың ортасына дейін ұсынылады.

5.3 Мектеп кеңесі, Ғылыми-техникалық кеңес талқылауынан өткен құжаттар берілетін лауазымға сай әр айда өтетін Университет Ғылыми кеңесте талқыланып, қаулы қабылданады.

5.4 Жаңа лауазымдар ресми түрде Ғылыми кеңес шешімі негізінде бұйрық шыққан күннен бастап күшіне енеді.

5.5 Университетке жаңадан немесе басқа ЖОО-дан ауысып келген ПОҚ-ты лауазымға тағайындау кезінде Ережеде көзделген талаптар сақталып, бұрынғы оқу орнындағы лауазымын (лауазымын растайтын құжаттын ұсынылуы міндетті) алуға болады.

5.6 Ғылыми мақалалар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілген мақалалар санынан артық болған жағдайда, осындай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынатын басылымдардағы 2 (екі) мақала ретінде саналады.

5.7 Осы ережедегі талаптар соңғы жоғары оқу орнымен берілген дипломдары Қазақстан Республикасы аумағында танылғаннан (нострификациялау рәсімінен) кейін есептеледі.

6. ПРОФЕССОР МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ

6.1 Біліктілікке қойылатын талаптар:

6.1.1 «Ғылым докторы», «Ғылым кандидаты» немесе «PhD» ғылыми дәрежесі, «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағына ие болуы;

6.1.2 Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 3 жылдан кем емес немесе ғылыми ұйымда тиісті лауазымда, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы, жоғары оқу орны басшысының орынбасары, бөлім басшылары лауазымдарында 1 жыл үзіліссіз өтілі;

6.1.3 Жалпы 14 жарияланым болуы керек, олардың ішінде:

– халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2 квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші үміткердің мамандығына сәйкес ғылыми сала бойынша кемінде 50 болатын 2 (екі) мақаланың болуы және бірінші автор немесе корреспонденция үшін автор болған жағдайда.

– әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми атаққа үміткер тұлғалар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасында Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі		УЕ-02-03-05
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №2	9 беттің 6-сі

Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) индекстелетін мақалалар мен шолулар да есепке алынады және бұл мақалалардың кемінде біреуі соңғы 5 жылда шыққан болуы керек;

- уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 10 мақала;
- Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (авторлығы кемінде 6 баспа табақты құрайтын), Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 5 жылда басылған, жалпы көлемі 6 баспа табактан кем емес) не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 1 (бір) тұлғасы болған кезде беріледі.

7. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ) МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ

7.1 Біліктілікке қойылатын талаптар:

7.1.1 «Ғылым докторы», «Ғылым кандидаты» немесе «PhD» ғылыми дәрежесі, «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағына ие болуы;

7.1.2 Диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 2 жылдан кем емес немесе ғылыми ұйымда аға ғылыми қызметкер лауазымында, жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның басшысы, басшының орынбасары, бөлім басшылары лауазымдарында 1 жыл үзіліссіз өтілі;

7.1.3 Жалпы 7 жарияланымы болуы керек, олардың ішінде:

- халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3 квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші үміткердің мамандығына сәйкес ғылыми сала бойынша кемінде 35 болатын 1 (бір) мақаланың болуы және бірінші автор немесе корреспонденция үшін автор болған жағдайда.

- әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми атакқа үміткер тұлғалар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасында Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) индекстелетін мақалалар мен шолулар да есепке алынады;

- уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 5 мақала;
- Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 жылда басылған, ізденушіге кемінде 6 баспа табағы тиесілі), не Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы немесе оқулығы (соңғы 5 жылда басылған, көлемі 6 баспа табактан кем емес) ескеріледі.

8. АҒА ОҚЫТУШЫ

8.1 Біліктілікке қойылатын талаптар:

8.1.1 «Магистр» дәрежесінің болуы;

8.1.2 Ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес немесе мамандығы (қызмет саласы) бойынша тәжірибелік жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Профессор міндетін атқарушы, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы және аға оқытушы лауазымдарына тағайындау ережесі		УЕ-02-03-05
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №2	9 беттің 7-сі

8.1.3 Жалпы кемінде 4 жарияланымы болуы, олардың ішінде 1 мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдарда.

9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-реktorдың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

9.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

10.2 Ережені әзірлеу және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу орталығына жүктеледі.

10.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

10.4 Ереженің көшірмесі қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

